

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-187
Силлабус	16 беттің 1 беті

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медицина колледжі**

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

СИЛЛАБУС

Пән коды: ЭЭП 02

Пән: «Саясаттану, әлеуметтану және мәдениеттану»

Мамандығы: 09160100 «Фармация»

Біліктілігі: 4S09160101 «Фармацевт»

Оқу сағаттарының/кредиттердің көлемі: 24/1

Теория: 24 с.

Курс: 1

Семестр: 1

Бақ түрі: сынақ

Шымкент, 2024 ж.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

MEDISINA
AKADEMIASY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

MEDICAL
ACADEMY

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

044-73/11-187

Силлабус

16 беттің 2 беті

«Саясаттану, әлеуметтану және мәдениеттану» пәні бойынша силлабус жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Оқытушы: К.Б. Ахтаева

Мамандығы: 09160100 «Фармация»

Біліктілігі: 4S09160101 «Фармацевт»

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «27» 08 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі: [Signature] А.Т. Сатаев

«Жалпы білім беретін пәндер» Пәндік циклдік комиссия мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «28» 08 2024 ж.

Төрайымы: [Signature] Г.Т. Анапияева

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжінің Әдістемелік Кеңесінде қаралды және бекітілді.

Хаттама № 1 «29» 08 2024 ж.

Төрайымы: [Signature] Г.С. Рахманова

Оқытушылар туралы мәлімет:

№	Аты-жөні	Дәрежесі және лауазымы	Қызметі	Жүргізетін пәні	Эл.мекен-жайы
1	Сатаев А.Т	магистр	оқытушы	Саясаттану және әлеуметтану негіздері	aman-aman1976@mail.ru
2	Ахтаева К.Б		оқытушы	Философия және мәдениеттану негіздері	Aktaevaklara44@gmail.com

3.1.Кіріспе

Білім алушылардың әлеуметтік және саяси проблемалары олардың пайда көздерін және ықтимал шешімдерінен хабардар етіп, саяси санасын қалыптастыру. Саяси сана – өмірдегі саяси қатынастарды белгілейтін, оларды түсініп- сезінетін, адамдардың бұл саладағы іс-әрекеттеріне бағыт-бағдар беретін әлеуметтік сезімдер, түсініктер, көзқарастар жиынтығы. Саясаттану бізге мемлекеттік және құқықтық институттардың ұйымдастыру және дамыту бірлігін, адам дамуының ролін түсінуге мүмкіндік береді. Саясаттануды оқудың тиімділігі студенттердің патриоттық деңгейін арттырады, табысты жұмыс істеп, демократиялық саяси жүйеде өздерінің жеке әлеуетін іске асыра алады.

3.2.Пәннің саясаты:

Білім алушыларға қойылатын талаптар:

- Себепсіз сабақтарды жібермеу;
- Сырт келбеті жинақы, ұқыпты;
- Жоғарғы оқу орнында бекітілген жалпыға міндетті форманы сақтау;
- Тәжірибелік сабақтарда белсенділік көрсету;
- Сабақтарға дайындықпен келу;
- Сабақтарға кешікпеу;
- Сабақ кезінде әдептілік атмосфера сақтау;
- Кафедра мүлкін ұқыпты пайдалану;

Себепсіз жіберілген сабақтар өтелмейді.Өртүрлі себептермен (денсаулыққа байланысты, жанұя жағдайы,басқа да себептермен) жіберілген жағдайда ,анықтама құжаттарының негізінде деканаттың рұқсатымен өтеледі.Өтем сабаққа берілген рұқсат парағы 30 күн жарамды.

3.3.Пәннің мақсаты: саяси саналы болашақ мамандардың қалыптастыру болып табылады және осы негізде олардың қабілеттерін дамыту: қазіргі әлеуметтік-саяси мәселелерің терең түсіну, оларды шешу. Жалпы алғанда, бұл, әрине, білім алушының саяси ойының қалыптасуына, саяси көкжиегін кеңейтуге көмектеседі.

3.4. Оқу міндеттері:

- болашақ маманға саяси білім бере отырып, қоғамдық өмірде саяси билік туралы жалпы ғылыми көзқарастарды қалыптастыру;
 - білім алушыны саяси-қоғамдық өмірге саяси талдау жасау әдісімен қаруландыру;
 - саясаттанудағы әр түрлі көзқарастарды ажыратуға, түсінуге үйретеді;
 - болашақ мамандарды тез өзгеріп отыратын саяси өмірге бейімделу қабілетін қалыптастыру.
- Жалпы алғанда, бұл, әрине, саяси ойдың қалыптасуына, жоғары саяси мәдениетін, саяси көзқарасын кеңейтуге ықпал етеді.

3.5. Оқытудың соңғы нәтижелері:

Пәнді менгеру барысында білім алушылар біледі: жеке тұлғаның ізгілік құқықтық ұсиеттерін тұрақты түрде қалыптастырудағы мораль және құқықтың ықпал етуін;

Қабілетті: негізгі әлеуметтік тұжырымдамаларды талдауға;

Дағды қалыптастырады: саяси әлеуметтік әдістерін қолдану;

Құзырлы: құжаттарды талдау, бақылау және эксперимент жүргізу барысында пайдалануға.

3.6. Реквизитке дейінгі: Адам және қоғам

3.7. Реквизиттен кейінгі: Психология негіздері және коммуникативті дағдылар

3.8. Пәннің қысқаша мазмұны:

Әлеуметтік әлемді түсінудегі әлеуметтану. Әлеуметтанулық зерттеулер. Әлеуметтік құрылым және қоғамның стратификациясы. Отбасы және қазіргі заман. Девиация, қылмыскерлік және әлеуметтік бақылау. Дін, мәдениет және қоғам. Білім және әлеуметтік теңсіздік. Экономика, жаһандану және еңбек. Денсаулық және медицина. Саясаттану ғылым және оқу пәні ретінде. Саяси ғылымның қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері. Қоғамдық өмір жүйесіндегі саясат. Саяси билік: мәні мен жүзеге асыру механизмдері. Қоғамның саяси жүйесі. Саяси режимдер. Саяси шиеленістер мен дағдарыстар. Әлемдік саясат және қазіргі халықаралық қатынастар.

3.9. Теориялық сабақтардың тақырыптық жоспары:

№	Тақырыптар атауы	Мазмұны	Сағат саны
1	Саясаттану пәні және нысаны. Саясаттану пәнінің қызметтері мен әдіс тәсілдері. Ежелгі Шығыстағы саяси ой. Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римдегі саяси ойшылдар. Қайта өрлеу замандағы зайырлы саяси –ойлар. Еуропалық ағартушылық саяси идеялар.	Саясаттану пәні және нысаны. Саясаттану саясат, билік, саяси жүйе, саяси құбылыстар туралы ғылым.Саясаттану пәнінің қызметтері мен әдіс-тәсілдері. Саяси ғылымның зерттеу саласындағы әлеуметтік, функционалдық, бихевиористік, жүйелілік, функционалдық, сыншыл-диалектикалық, логикалық, эмпирикалық тәсілдердің маңыздылығы. Саясаттанудың әлеуметтік, психологиялық, биосаяси, теологиялық және натуралистік негізгі парадималары. Әлеуметтік-гуманитарлық білім жүйесіндегі саясаттанудың алатын орны.Саяси ғылым мен іс-тәжірибе байланысы.Саясаттану- қоғамдық құбылыс. «Саясат» терминінің мағынасы. Саясаттың шығу тегі. Билік саяси құбылыс ретінде. Қоғам өмірінің әртүрлі салаларында саясаттың маңызы. Ежелгі Шығыстағы саяси ой (будда, конфуцишілдік, даосизм, легизм) . Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римдегі саяси ойшылдар (Платон, Аристотель, Полибий, Цицерон). Ортағасырлық еуропадағы саяси-пікірлер (Марк Аврелий, Фома Аквинский, Мартин Лютер). Қайта өрлеу замандағы зайырлы саяси ойлар (Н. Макиавелли, Томас Мор). Еуропалық ағартушылық саяси идеялар (Томас Гоббс, Джон Локк, Шарль Луй Монтескье, Жан-Жак Руссо). XIX ғасырдағы еуропалық саяси ойлар. Утопиялық социализмнің саяси идеологиясы. Марксизм.	2

2	<p>Қазақ жерінде қоғамдық және саяси ойлардың қалыптасуы. Жүсіп Баласағұн, Қорқыт ата, Қ.А.Яссауилардың дүниетанымы. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ойшылдары. XX ғасырдың басындағы саяси ойлар.</p>	<p>Қазақ жерінде қоғамдық және саяси ойлардың қалыптасуы. Әл-Фарабидің мемлекет құрылысына көзқарасы. Жүсіп Баласағұн, Қорқыт-Ата, Хожа Ахмет Ясауилардың дүниетанымы. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ойшылдары (Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев). XX ғасырдың басындағы саяси ойлар. Ә.Бөкейханов, С.Садуақасов, М.Дулатов, М.Шоқай, М.Тынышпаев, Х.Досмухаметов, Т.Рысқұлов, С.Қожанов, М. Жұмабаев, С. Торайғыров, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіровтердің саяси идеялары. Қазіргі замандағы шетелдік және қазақстандық саясаттанудың дамуының негізгі бағыттары.</p>	2
3	<p>Билік ұғымы. Биліктің легитимділігі. Саяси жүйе теориялары. Саяси жүйенің құрылымы.</p>	<p>Билік ұғымы. Биліктің негізгі тұжырымдамалары. Саяси биліктің түсінігі және ерекшеліктері. Саяси биліктің түрлері. Мемлекеттік саяси биліктің ең жоғары түрі, ең дамыған түрі. Биліктің құрылымы: билік институттары, биліктің қызметтері мен ресурстары. Саяси жүйе - биліктің өмір сүруі және оның қоғамдағы туындысы. «Саяси жүйе» теориялары. Д.Истон, Г.Алмонд және К. Дойч. Саяси жүйе құрылымы: Институционалды, нормативті, коммуникативті, мәдени функционалды ішкі жүйе.</p>	2
4	<p>Мемлекет: пайда болуы, мәні, нышаны, қызметі, мақсаты. Саяси режимнің типтері. Тоталитарлық режимнің негізгі белгілері. Саяси партиялар ұғымы. Саяси партияның негізгі мақсаты, міндеті және қызметі</p>	<p>Мемлекет қоғамның саяси жүйесінің негізі ядросы ретінде. Мемлекет: пайда болуы, мәні, нышаны, қызметі, мақсаты. Мемлекеттің типтері. Мемлекеттік жүйелердің типологиясы.</p>	2
5	<p>Саяси элита ұғымы. Қазіргі Қазақстандағы саяси көсемдік. Саяси сана мәні. Саяси сананың құрылымы. Саяси мәдениет ұғымы. Қақтығыстар мен дағдарыстарды шешу жолдары. Сыртқы саясат. Халықаралық қатынастар дамуының</p>	<p>Саяси элита ұғымы. Элитаның классикалық қағидалары.. Саяси элитаның қызмет ету факторлары. Саяси элитаның қызметі: стратегиялық, ұйымдастырушылық, әсер етуші. Саяси сана мәні. Саяси сананың қалыптасу жолдары. Саяси сананың қалыптасу формасы: саяси теория, мемлекеттік-партиялық және бұқарлық саяси сана. Қазіргі кездегі адамның саясаттағы рөлі. Саяси қақтығыстың мәнін түсіну. Олардың типологиясы. Қақтығыстар мен дағдарыстарды шешу жолдары. Халықаралық</p>	2

	қазіргі тенденциялары. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының негізгі бағыттары	қатынастар ұғымы мен мәні. Сыртқы саясат. Дипломатия. Халықаралық қатынастардағы заманауи тенденциялар. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының негізгі бағыттары. Геосаясаттың негізгі элементтерімен мәні. Қазіргі әлемнің геосаяси жағдайы. Қазақстан- әлемдік қоғамдастыққа мүдделі.	
6	Әлеуметтану пәні және оқыту объектісі. Әлеуметтану құрылымы мен қызметтері.	Әлеуметтану пәні және таным объектісі. «Әлеуметтік» ұғымы. Әлеуметтану құрылымы мен қызметтері. Әлеуметтанудың пайда болуының алғышарттары мен әлеуметтік жағдай. О.Конт, Г.Спенсер-әлеуметтану ғылымының негізін салушылар.	1
	№1 Аралық бақылау	1-6 тақырыптар бойынша, жазбаша, ауызша түрде бақылау жұмысы.	1
7	Қазақстандағы әлеуметтанудың қалыптасуы және дамуы.	Қазақстандағы әлеуметтанудың қалыптасуы мен дамуы.	2
8	Қазіргі қоғамның сипаты мен бірлігі. Мәдениеттану-мәдениет туралы ғылым. Мәдениет және өнер.	Халық санының өсуі. Биосфера, экология мәселелері. Қоғамның қозғаушы күштерінің тарихи типтері. Қоғамды зерттеудің методологиялық негізі. Мәдениеттану пәні оның міндеті. Мәдениет - адам әлемі. Қоғамдағы мәдениеттің негізгі қызметі. Мәдениеттің негізгі жүйелері. Материалдық және рухани мәдениет, оның құндылықтар жүйесіндегі орны. Мәдениеттің мұрагерлік, адамды қалыптастыру қызметі. Мәдениет - күрделі қоғамдық құбылыс. Мәдениеттану ғылымның білімдік жүйесі, олардың құндылығы. Мәдениет және өркениет ұғымының арақатынасы. Мәдениеттанудағы концепциялары.	2
9	Дүниежүзілік мәдениеттер мен өркениеттер.	Шығыс мәдениетінің қалыптасуы мен ерекшелігі. Вавилион мәдениетінің қалыптасуы мен ерекшелігі. Вавилион мәдениеті адамзат мәдениетінің ең көне орталығы. Египет мәдениетінің құндылықтары: пирамидалар, Мысыр жазуы, наным-сенімдері. Ежелгі Қытай мәдениетінің мәні: Конфуций, Дао, Будда ілімінің алатын орны. Қытай иероглифтерінің мәдени тарихы. Ежелгі Қытай өнері. Үнді мәдениетінің негізгі бағыттары, алғашқы философиялық мектептер. Үнді эпостарының дүниежүзілік мәдениеттегі орны. Үнді халқының әдет-ғұрыптары. «Махабхарата» мен «Рамаана» поэмалары - көне үнділік әдеби мұра.	2



		Грек мәдениетінің мәні. Ежелгі Грек философиясы, космологиясы. Гомер поэмасы. Ежелгі грек мәдениетіндегі мүсіндеу және сәулет өнеріндегі дүниетанымдық көзқарас. Спартандық тәрбие. Афина демократиясы және оның маңызы. Антикалық Рим мәдениетіндегі сабақтастық және жанашылдық Римдік шешендік өнер. Цицерон. Грек, Рим мәдениетінің сабақтастығы. Рим тарихнамасының қалыптасуы. Антикалық мәдениеттің қазіргі Еуропалық мәдениеттің қалыптасуына тигізген әсері.	
10	Еуропалық Қайта өрлеу және Жаңа заман кезеңіндегі мәдениет. Ресей мәдениетінің дамуы. Отандық мәдениеттің теориясы мен тарихы. Қазақ жеріндегі ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер және қазақ мәдениетінің бастауы. Орта ғасырдағы түрік мәдениеті.	Ортағасырлық мәдениеттегі діни және көркемдік канондар. Қайта өрлеу мәдениетінің кезеңдері. Еуропаның Реформация дәуіріндегі мәдениеті. Мәдениеттегі рационализм. Ағартушылық кезеңіндегі Еуропа мәдениеті. Византия және оның христиандық мәдениетті дамытудағы тарихи рөлі. Данте, Леонардо да Винчи, Рафаэль, Мекелланджело және олардың әлемдік мәдениеттегі орны. Ренессанс дәуіріндегі жеке адам мүмкіндігін бақылау. Қайта өрлеу дәуірінің өнер туындылары. Жаңа дәуір мәдениетіндегі ғылым мен техниканың маңызы. Ағартушылық дәуіріндегі Еуропа мәдениеті. Өнердегі романтизм. Ежелгі Русь мәдениеті. Ежелгі Русьтің православ дінін қабылдауы. Русь жылнамалары. XVIIғ-ХVIIIғ. архитектура және құрылыс өнері. Орыс тарихындағы «Күміс ғасыр». Ежелгі славяндардың дүниетанымы. София саборы-таңғажайып өнер туындысы. Славян мәдениетінің дамуындағы Мәскеудің рөлі. Ресей мәдениетінің жаңа кезеңі. Қазақ мәдениетінің түп негізі. Андронов мәдениеті. Ежелгі көшпелілер мәдениетіндегі мифология және космогония. Ежелгі сақ өнері. Сақтардың дүниетанымы Ұлы Жібек жолы. Ұлы Жібек жолы бойындағы қала мәдениетінің дамуы. Ежелгі түркі өркениеті және оның ерекшелігі. Орхон-Енесей ескерткіші көне түркі жазбасы. Түркі дүниетанымы мен қазақ дүниетанымындағы сабақтастық. Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған жыры. Куле чор, Мойын чор ескерткіштері. Ертіс, Талас жазбалары. Түркі мәдениетіне араб-парсы мәдениетінің ықпалы. «Мұсылман Ренессансы» дәуіріндегі жазба мәдениеттің дамуы. Әл-Фараби мұралары. Ислам дүниетанымы бағытында жазылған еңбектер. Ортағасырлық кезеңдегі	2

		тарихи ескерткіштер. «Қорқыт Ата кітабы» мен «Оғыз наме» түркілердің ортақ мұрасы. М. Қашқари «Түркі тілдерінің сөздігі» түркі тайпалары туралы зерттеулер. Ж. Баласағұн «Құтты білік» -энциклопедиялық еңбек. А. Иассауи «Диуани Хикмет». «Құмандар кітабы».	
11	Көшпелі өркениет құндылықтары. Дәстүрлі қазақ мәдениеті. Халық ауыз әдебиеті мен музыка мәдениеті. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениетінің дамуы. Қазіргі Қазақстан мәдениеті	<p>Көшпелі өркениет әлемдік өркениеттің құрамдас бөлігі. Көшпелілер дүниетанымы. Көшпелі өркениеттің ерекшелігі. Дәстүрлі қазақ мәдениетінің табиғи-ғарыштық негіздері. Көшпелілер өміріндегі мал шаруашылығының рөлі. Кеңестікті игерудегі жылқы малы. Көшпелілердің әлеуметтік тектік типтері. Көшпелілердің әдет-ғұрыптары. Қазақтың ұлттық ойындары. Қазақ халқының қолөнері. Халықтық қолөнер. Қазақ этнографиясы. Ұлттық киім үлгілері. Ағаш өңдеу және зергерлік өнер. Тері өңдеу және теріден жасалатын бұйымдар мен тұрмыстық заттар. Қазақ халқының тұңғыш суретшісі. Ш.Уалиханов. Қазақ халқының тұңғыш кәсіби суретшісі Ә.Қастеев. Халық ауыз әдебиеті мен музыка мәдениеті.</p> <p>Дәстүрлі қазақ мәдениетінің ерекшелігі. Халық ауыз әдебиеті бай мәдени мұра. Халық ауыз әдебиеті жанрындағы батырлар бейнесі мен жерге деген сүйіспеншілік. Шешендік өнер-сөз жауһары. Айтыс өнері. Материалдық және рухани мәдениет құндылықтары (қол өнер, тұрғын үй, киімі, қазақ күнтүзбесі, халық білімі, Наурыз). Халық ауыз әдебиетіндегі лирикалық пәмалар: «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу», «Қыз Жібек». Ұлттық аспаптар, күй, ән өнері. Халықтың әншісі композиторларының шығармашылығы.</p> <p>XX ғасырдағы мәдениеттің дамуындағы қайшылықтар мен ерекшеліктер. Қазақстанның көпұлтты мәдениеті. Қазіргі қазақ мәдениетінің типтері. Мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары. Модерн: оның ерекшеліктері, әлеуметтік және көркемдік бағыттары. Авангард-мәдени-әлеуметтік құбылыс. Қазіргі қазақ әдебиеті. Қазіргі өнер: сурет, кино, театр, бейнелеу т.б. Қазіргі Қазақстан мәдениетінің жетістіктері, Әлемдік өркениеттегі Қазақстан мәдениетінің алатын орны. Ұлттық мәдениеттің жаңаруы. 20-30 жылдардағы білім беру жүйесінің дамуы. Әдебиет пен өнердің дамуы. Халық шаруашылығын дамытуда ұлттық кадрларды дайындау. Қазақ ғылымының дамуы. С.Д.</p>	2

		<p>Асфендияров, А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, Қ.И. Сәтпаев. Қазақ әдебиетінің жаңа кезеңі. С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Ж. Аймауытов, М. Әуезов т.б. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан мәдениеті. Қазақстан мәдениетінің хх ғасырдағы 70-90 жылдардағы дамуы. Қазіргі қазақ мәдениетінің типтері. Мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары. Модерн: оның ерекшеліктері, әлеуметтік және көркемдік бағыттары. Авангард-мәдени-әлеуметтік құбылыс. Қазіргі қазақ әдебиеті. Қазіргі өнер: сурет, кино, театр, бейнелеу т.б. Қазіргі Қазақстан мәдениетінің жетістіктері, Әлемдік өркениеттегі Қазақстан мәдениетінің алатын орны.</p>	
12	<p>Қарым-қатынас мәдениеті. Дүние жүзілік діндердің мәдениеттің дамуындағы алатын орны. Будда мәдениеті. Христиан өркениеті. Ислам өркениеті. Қайталау</p>	<p>Отбасы мәдениеті. Отбасылық құндылықтар. Отбасы, неке қарым-қатынасы. Қазіргі заманғы қарым қатынас мәдениеті. Телефон және интернет. Қоғамдық орындағы мәдениет. Тамақтану мәдениеті. Үнді мәдениетіндегі діннің алатын орны. Б.з.д. екі мың жылдықтағы Ведалар. Упанишадтар. Брахмандар мен атмандар. Ведалар негізінде қалыптасқан философиялық ілімдер: жайнизм, буддизм, даршандар, чарвактар-лакаяттар т.б. Будда діні. Буддизмнің екі ағымы: Хиньяма, Махаяма. Будда мәдениетінің таралу тарихы. Индуизм. Христиан дінінің шығуының әлеуметтік - мәдени алғы шарттары. Христиан дінінің құндылықтары. Христиан дінінің Еуропа мәдениеті дамуындағы рөлі. Христиан дініндегі адамгершілік мәселесі. Католик діні және Рим папасы. Праваславия діні. Орыс шіркеуі. Протестандықтардың пайда болуы мен ерекшеліктері. Христиан дінінің Еуропа өркениетіндегі орны. Ислам мәдениетінің шығу тарихы мен таралуы. Құран - исламның қасиетті кітабы.</p>	1
	№2 Аралық бақылау	7-12 тақырыптар бойынша тест тапсырмалары жазбаша, ауызша түрде бақылау жұмысы.	1
	Барлығы:		24

3.10. Әдебиеттер және оқу құралдарының тізбесі:

Негізгі:

1. Әлеуметтану Ертаев М.А., Тасқымбаева С.М., Қаратаева Ф.М., 2020
2. Әлеуметтану. Ертаев М.А., Тасқымбаева С.М., Қаратаева Ф.М., 2020 Ертаев М.А., /ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>

3. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы. 2016 жыл.: басылым / ред. М. Б. Қасымбеков. - Астана : Деловой Мир Астана, 2017. - 368 бет. +эл.опт.диск.(CD-ROM).
4. Жаңақұлов, Тәуекел Мәдениеттану [Мәтін] : оқу құралы / Т. Ж. Жаңақұлов. - Алматы : Эверо, 2014. - 287, [1] б. Жаңақұлов, Тәуекел КазНУ <https://elib.kaznu.kz/>
5. Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев. Хроника деятельности. 2016 год / ред. М. Б. Касымбеков. - Астана : Деловой Мир Астана, 2017. - 368 с. +эл.опт.диск(CD-ROM).
6. Жанысбеков, М. А. Основы антикоррупционной культуры: учебно-методическое пособие / М. А. Жанысбеков, Н. А. Абдурахманов, А. С. Еркинбекова. - Караганда : АҚНҰР, 2016. - 198 с.
7. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хикаясы 2015 жыл.: басылым / ред. М. Б. Қасымбеков. - Астана : Деловой Мир Астана, 2016. - 400 бет. +эл. опт. диск (CD-ROM).
8. Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақтіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 208 с.
9. Нысанбаев, А. Н. Политология: учеб. для вузов / А. Н. Нысанбаев ; под общей ред. А. Н. Нысанбаева. - Алматы : Эверо, 2014. - 384 с.
10. Сыдықов, Ұ. Саясаттану: оқулық / Ұ. Сыдықов ; ҚР БҒМ; Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық ун-ті. - 2-бас ; ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. - Алматы : Эверо, 2012. - 132 бет.с.
11. Сыдықов, Ұ. Саясаттану: оқулық / Ұ. Сыдықов ; ҚР БҒМ; Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық ун-ті. - 2-бас ; ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. - Алматы : Эверо, 2012. - 132 бет. с.
12. Рахымбаева, А. С. Саясаттану (Дәрістер жинағы) : оқу құралы / А. С. Рахымбаева. - 2-бас. - Астана : Фолиант, 2012. - 232 бет.с.
13. Раздыков, С. З. Основы политологии: учебник / С. З. Раздыков. - 2-е изд, перераб. и доп. - Астана : Фолиант, 2012. - 340 с.
14. Абсаттаров, Р. Б. Саясаттану негіздері. Екі томдық. Т.1: оқулық / Р. Абсаттаров ; ҚР БҒМ; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық ун-ті. - 2-бас. - Алматы : Қарасай, 2010. - 424 бет.с.
15. Абсаттаров, Р. Б. Саясаттану негіздері. Екі томдық. Т.2 : оқулық / Р. Б. Абсаттаров ; ҚР БҒМ; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық ун-ті. - 2-бас. - Алматы : Қарасай, 2010. - 424 бет. с.
16. Жамбылов, Д. Саясаттану: оқулық / Д. Жамбылов. - өзгеріссіз 4-ші басылым. - Алматы : Жеті жарғы, 2008. - 280 бет.с.
17. Амандосова [және т.б.]. - 9- басылым. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 464 б. с. : (Рухани жаңғыру).
18. Ритцер, Д. Әлеуметтану теориясы: оқулық / Д. Ритцер, Д. Степницки ; қаз. тіл. ауд. Г.О. Әбдікорова [және т.б.]. - 10- басылым. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856 б. с. : (Рухани жаңғыру).
19. Әлеуметтану: жаңа буынға арналған оқулық / А. Н. Тесленко, Ж. Ж. Сембина, А. Т. Аязбаева ; ҚР білім және ғылым министрлігі. "ҚазГЮУ университеті" АҚ. - Қарағанды : ЖШС "Medet Group", 2015.
20. Биекенов, К. У. Социология: учеб. пособие - Алматы : Эверо, 2014.

Қосымша

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері : дәрістер кешені / ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі. ОҚМФА. "Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндері". - Шымкент : [б. и.], 2015. - 101 б. с. 2. Лекционный комплекс по дисциплине- основы антикоррупционной культуры: лекционный комплекс / История Казахстана и социально-

общественных дисциплин. - Шымкент : ЮКГФА, 2015. - 83 с.

2.Сыздықов, С. "Мәңгілік ел" идеясы: қалыптасуы, үшнегізі, тарихисабқтастық: қоғамдық-саясиәдебиет / С. Сыздықов, С. Қанаев, Ж. Жеңіс. - Астана : Фолиант, 2013. - 320 бет.с.

3.Сыбайласжемқорлыққақарсымәдениетнегіздері :дәрістеркешені / ҚР денсаулықсақтаужәнеәлеуметтік даму министрлігі. ОҚМФА. "Қазақстантарихыжәнеәлеуметтік-қоғамдықпәндері". - Шымкент : [б. и.], 2015. - 101 б. с.

4.Синглтон Ройс А. Әлеуметтік зерттеу әдістері = Approaches to Social Research : оқулық / Ройс А. Синглтон, Брюс С. Стрейтс ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Н.Ә. Муминов. - 6-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 816 б. С

5.Хейвуд Эндрю Саясаттану = Politics : оқулық / Эндрю Хейвуд ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 5-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 520 б. с

6.Коннолли Мэри Әлеуметтік жұмыс: контексі мен практикасы = Social Work:Contexts and Practice : оқулық / Мэри Коннолли, Луиза Хармс, Джейн Мейдмент ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б. Мизамхан. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 384 б. с

7. Бринкерхоф, Д. Әлеуметтану негіздері [Мәтін] : оқулық / Д. Бринкерхоф, Р. Уейтс, С. Ортега ; Қаз.тіл.ауд.С.А. Амандосова[және т.б.]. - 9- басылым. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 464 б. с. : (Рухани жаңғыру).

Электронды басылымдар

Основы антикоррупционной культуры [Электронный ресурс] : учебное пособие / под ред. Б. С. Абдрасилова. - Электрон.текстовые дан. (702Мб). - Астана : Акад. Гос. упр. при Президенте РК, 2016. - 176 с.

3.11. Пәнді оқытудың түрлері мен әдістері:

- **Теориялық сабақтар** – мәселелік, ақпараттық, әңгіме, дәріс-презентация, бинарлық. Аудиториямен кері байланыс дәріс тақырыптары бойынша студенттермен блиц-сауалнама, әңгіме, ауызша сұрау, тест тапсырмаларын шешу, тақырып сұрақтарын талқылау; шағын топпен жұмыс, пікірталас, ситуациялық тапсырмаларды шешу, презентация, карточкалармен жұмыс, дебат.

3.12. Білім алушылардың білімдері мен дағдыларын бағалау:

-Ауызша сұрақ-жауап, презентация, рөлдік ойындар, мәтінмен жұмыс, жаттығу жұмыстары, эссе жазу.

Теориялық сабақтар: ауызша сұрау, әңгіме, пікірталас, презентация, шағын топпен жұмыс, жазбаша жұмыс;

Білімді бағалаудың критерийлері және ережелері:

Ағымдық бақылау: ауызша сұрақ жауап жүйесінде жүргізіледі.

Аралық бақылау: ауызша, жазбаша, тест түрінде 6- 12 аптасында өткізіледі.

Қорытынды бақылау; тестілеу

-Білім алу нәтижелерінің бағалануы пәннің бағдарламасына (силлабусқа) сай қойылған ағымды бағалар негізінде жүргізіледі. Алынған бағалы сынақ бағасы платонусқа қойылады.

Қорытынды бақылау: (бағалы сынақ) тест нысанында жүргізіледі және білім алушы жоғарғы (мақ) 40 балл жинауы мүмкін.

Жалпы бағасы: ағымдық (рейтинг) (60%) + қорытынды (40%) мына төмендегі межелік бойынша қойылады:

Әріптікжүйемен бағалау	Баллдың сандық эквиваленті	Пайыздықөлшем	Дәстүрліжүйеменбағалау
------------------------	----------------------------	---------------	------------------------

A	4,00	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,00	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,00	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,00	50-54	Қанағаттанарлықсыз
F	0,00	0-49	

3.12.1. Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
БҚ1.1	Өзін-өзі дамыту: оқуды ұзақ мерзімді жоспарлау, кәсіби өсу дағдыларын меңгерген.	Сабакқа дайындалмаған, ізденбегені үшін қойылады	Сабактың тақырыбын, мақсатын, мазмұнын білгені үшін қойылады.	Оқытылатын пәннің заңдылықтары мен негізгі фактілерін, даталарының хронологиялық реттілігін сипаттап бергені үшін қойылады.	Білім алушы оқытылатын пәннің заңдылықтары мен негізгі тарихи фактілерін өздігінен ізденіп, даталарының хронологиялық реттілігін ұғынып, ізденген білімі үшін қойылады.
БҚ1.2	Сыни ойлау және шешім қабылдау: мәселелерді және ықтимал шешу жолдарын анықтайды, гипотезаны тексереді және оқиғалардың ықтималдығын бағалайды, қортынды жасайды және негізделген шешімдерді қабылдайды.	Алынған білімді қолданбағаны үшін	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білгені үшін бағаланады	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені және оқиғалардың ықтималдығын сипаттағаны үшін қойылады	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені және оқиғалардың ықтималдығын бағалап қорытынды жасағаны үшін қойылады
БҚ 2.1	Қоғамдық өмір: қоғамдық өмірге	Топпен жұмыс істеу	Топпен жұмыс	Топпен қарым-қатынас және	Аудиториямен қарым-қатынас және

<p>БҚ 3.1</p>	<p>белсенді қатысады. Коммуникативтік дағдылар: жағдайды ескере отырып, әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді. Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады.</p>	<p>дағдысын қолданады, ал айда алған білімін тиімді көрсете алмағаны үшін қойылады.</p>	<p>істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады. Іздеу және өңдеу барысында алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізеді.</p>	<p>өзара әрекеттесуді қамтамасыз еткені үшін, ана тілі мен басқада тілдік білімі үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылай білгені үшін қойылады.</p>	<p>өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін ана тілі мен басқада тілдік білімін көрсеткені үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылап, алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе алғаны үшін қойылады.</p>
-------------------	--	---	--	---	--

Аралық бақылауды бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Тестілеу/ жазбаша, ауызша	<p>Өте жақсы А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%) бағаларына сәйкес келеді</p>	<p>Егер білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателіктерді жібермеген жағдайда қойылады. Оқылатын пән бойынша теорияларға, тұжырымдамаларға және бағыттарға сүйенеді және оларға сыни бағасын береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 86-100% береді.</p>
	<p>Жақсы В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%) В- (2,67; 75-79%) бағаларына сәйкес келеді</p>	<p>Егер білім алушы жауап беру кезінде өрескел қателіктер жібермесе, принципіальды емес немесе студенттердің өздері түзеген принципіальды қателер жіберсе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 75-85% береді.</p>
	<p>Қанағаттанарлық С+ (2,33; 70-74%) С (2,0; 65-69%) С- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%) бағаларына сәйкес келеді</p>	<p>Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты емес және принципіальды қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50-74% береді.</p>
	<p>Қанағаттанарлықсыз</p>	<p>Егер білім алушы жауап беру кезінде принципіальды</p>

	F (0; 0-49%) бағаларына сәйкес келеді	қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, өрескел стилистикалық және логикалық қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50% кем береді .
--	---------------------------------------	---

Емтихан бағаларының критерийлері

Бақылау типі	Баға	Бағалау критерийлері
Тест	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	86-100% тест бойынша дұрыс жауаптар
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	75-85% тест бойынша дұрыс жауаптар
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	50-74% тест бойынша дұрыс жауаптар
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	50% тест бойынша дұрыс жауаптар

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

044-73/11-187

Силлабус

16 беттің 15 беті

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

MEDISINA

AKADEMIASY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

MEDICAL

ACADEMY

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

044-73/11-187

Силлабус

16 беттің 16 беті